


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Ә.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

- b) complete, but not total synonyms;
- c) incomplete but total synonyms;
- e) incomplete, non-total synonyms [6, p. 448].

Sometimes synonyms are written as a fact of speech act. H. Gekeler writes that “terminological confusion reigns here, that is, we are talking about different names of the same phenomenon” [2, p. 237].

Structural semantics has not devoted enough space to the analysis of the meaning of the synonyms of the language. Only E. Koseriu connects synonymy with neutralization, while J. Lyons “claims that some cases of context-related synonymy can be connected to the meaning of the hyponym” [1, p. 14].

The analysis of the vocabulary of the language by word fields creates deep and wide opportunities for understanding the meaning, structure and functions of the language. This analysis is crucial for understanding language's domains of meaning, how words relate to each other, and how language develops according to social, cultural, and geographic conditions.

References

1. Hörmann, H. Psychologie der Sprache. Berlin: Heidelberg. 1970. 395.
2. Humboldt, W. von. Über die Verschiedenheit des Menschlichen Sprachbaues und ihren Einfluß auf die geistige Entwicklung des Menschengeschlechts. Stuttgart: Verlag. 1998.
3. Lewandowski, Th. Linguistisches Wörterbuch. Quelle und Meie. Berlin: Quelle & Meyer Verlag, 1975.
4. Trask, R.L. Mayblin B. Introducing. Linguistics. Icon Books: UK, 2005.
5. Исаченко, А.В. Грамматический строй русского языка в сопоставлении со словацким. Морфология. Братислава: PAT, – 1965.

Ахмет А.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Қазақстан, Астана қ.*

E-mail: akjibekkz@gmail.com

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Аннотация. В данной статье проводится всесторонний анализ формирования и развития гибридных терминов в современном казахском языке. Гибридные термины — это смешанные конструкции, состоящие из родных элементов языка и заимствованных иностранных компонентов. Усиление иностранного влияния в областях науки, техники и культуры в казахском языке привело к широкому использованию гибридных терминов. В ходе исследования рассматриваются модели создания гибридных терминов, их виды и пути формирования, демонстрируются особенности их использования в казахском языке. Кроме того, анализируются различные научные точки зрения, связанные с исследованием гибридных терминов, и противоречия в их определениях.

Ключевые слова: заимствованные слова, языковая гибридизация, гибридный термин, терминология.

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the formation and development of hybrid terms in the modern Kazakh language. Hybrid terms are mixed structures composed of a language's native elements and borrowed foreign components. The increasing foreign influence in the fields of science, technology, and culture within the Kazakh language has led to the widespread use of hybrid terms. The study examines the models of hybrid term creation, their types, and formation methods, highlighting their usage characteristics in Kazakh. Additionally, various scientific perspectives related to the study of hybrid terms and the contradictions in their definitions are analyzed.

Keywords: borrowing words, language hybridization, hibrid term, terminology.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамы мен терминологиялық жүйесі будан терминдермен күн сайын толығуда. Ғылым мен техниканың дамуы, жаңа ұғымдар мен атаулардың шет тілінде пайда болуы қазақ терминологиясының гетерогенді сипат алуына алып келді. Қазіргі инновациялық технологияларға байланысты терминдік атаулар шет тілінде жасалатындықтан, ол ұғымдар қазақ тіліне енгенде лексикологияның не кірме қабатын не будан қабатын

толықтырады. Ғалым Ә. Қайдар «Терминдерді қазақ тілінде жасау және енгізу көбінесе мерзімді баспасөз, мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, терминологиялық сөздіктер, арнайы және ғылыми әдебиеттер арқылы жүзеге асырылды. Қазақ сөздерінің негізінде жасалған ғылыми терминдердің көпшілігі белгілі бір дәрежеде орыс тілінің терминологиялық модульдерінің ізін қалдырады», - деп баға береді [1; 174.]. Сонымен қатар Ә. Қайдар префикстар мен терминбөлшектер жайлы егер халықаралық терминдер болса, дәл сол күйінде (орыс тілдегі нұсқасы, мысалы: реконструкция, синхрония, контрреволюция), ал орыс тілімен келсе, орыс тілді бөлігі қазақ тіліне аударылатындығын айтады (мысалы, автотиегіш «автогрузовик», автосауыт «автопоилка», авторучка «автоқалам». -изация, -ация суффикстері қазақтың -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу және -ландыру/-лендіру, -тандыру/-тендіру беріледі: амальгамалау «амальгамация», коагуляттау «коагуляция», автоматтандыру «автоматизация», газдандыру «газафикация», электірлендіру «электрофикация» және т.б.; Кейбір халықаралық және орыс кірме терминдері қазақ жұрнақтарымен келтіріліп қолданылады. Мысалы, алгедралық символика «алгебраическая символика», бинантты электрометр «бинантный электрометр», совет мемлекеті «советское государство» және т.б. Осы тұста бір бөлігі кірме, бір бөлігі төл морфемадан тұратын будан сөздер туралы А.Р. Кошекova: «Будан сөзжасам – қазіргі тілдердегі нағыз тренд», – деген пікір айтады [2; 91].

Құрамында кірме бөліктің болуына қарамастан, будан терминдердің жасалуы – тілдің өзінде болатын ішкі процес. Сондықтан ол әр тілде өзінше дамып, өздігінше қалыптасқан. Сәйкесінше, будан терминдердің қайсы бір тілде болмасын өзіндік ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер будан терминдер құрамындағы екі тілдің генеологиялық, типологиялық сипатына да, графикалық ерекшелігіне де, тарихи дамуына да байланысты. Сол себепті қазақ тіліндегі будан терминдердің өзіндік бағыты мен сипатының болуы – заңды.

2014 жылдардан бастап қазақ терминологиясында будан терминдер мәселесі өз алдына жеке зерттеу нысанына айнала бастағанын айтуымыз керек. Будан терминдер туралы зерттеулер едәуір қарқынды түрде жүрді. «Будан терминдерге» анықтама беріліп, оларға мысалдар келтіріліп, талданады. Мысалы, «Будандастыру» және «будан термин» ұғымдарына келетін болсақ, көптеген отандық ғалымдар, олардың ішінде Ш. Құрманбайұлы [3], Г.Н. Күзембаева [4; 155], А.Р. Кошекova [2; 91], Ж.К. Нурмахова [5; 73] будандастыруды төл және кірме элементтердің қосылуынан тұратын сөзжасам әдісі деп санайды, ал будан терминдер – бұл екі тілдің компоненттерінің қосылуынан туындайтын бірліктер, немесе басқаша айтқанда номинация деген анықтама ұсынады. Ш. Құрманбайұлы: «Будан атаулар санының бірден артуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтап, олардың жасалу жолдарын, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсету өте маңызды іс» екендігін айтады [3; 766] Ал Б. Момынова будан терминдер санының артуын келесідей себептермен түсіндіреді: «Олар: а) ғылым мен техникалық жаңалықтардың өзге елдерде ашылуы, көп болуы; ә) тілдері донорлық дәрежеге жеткен елдерде қоғамдық-саяси өзгерістердің болуы және қоғамдық-саяси жаңалықтардың сол елдердің үлгі-моделіне салынуы, үлгіге алынуы; б) сол елдердің экономикалық басымдығының болуы; в) жазудың және жазудың негізгі қаруы саналатын әдеби тіл рөлінің артуы; г) жазудың көмегіне сүйенетін жазба коммуникацияның күшіне енуі» [6; 16]. Сонымен қоса ғалым будан терминдердің келесідей модельдерін ұсынады:

1. Кірме түбір + төлтілдік қосымша,
 2. Төлтілдік түбір + кірме қосымша.
- Күрделі сөздер құрылымы бойынша:
1. Кірме түбір + төлтілдік негіз,
 2. Төлтілдік түбір + кірме түбір,
 3. Кірме негіз + кірме түбір [6; 18].

Біз будан қазіргі қазақ тілінде пайда болып, қолданыста жүрген будан терминдердің үлгісін көре аламыз. Мұндай үлгілерді этимологиялық-құрылымдық тұрғыдан талдасақ, мұнан да ауқымды нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ал А.Р. Кошекova өз зерттеуінде будан терминдердің қазіргі қазақ тілінде екі негізгі түрінің бар екендігін айтады. Олар: туынды

будандар және будан композиттер. Сондай-ақ контаминанттар, дериваттардың да тілде жиі кездесетінін айтады [2; 91].

С. Құлманов будан терминдердің 2014 жылғы терминологиялық сөздіктер топтамасының сапалық, сандық-пайыздық көрсеткішін (1-кесте) анықтайды [7].

1-кесте. 2014 жылғы терминологиялық сөздіктер топтамасының сапалық, сандық-пайыздық көрсеткіші

	Сөздіктің атауы	гибрид терминдер, пайыз	барлығы, пайыз
	Физика және астрономия	2592 (15,20%)	17055 (100%)
	Математика	118 (0,50%)	23781 (100%)
	Информатика және есептеуіш техника	407 (1,97%)	20619 (100%)
	Механика және машинатану	240 (1,27%)	19035 (100%)
	Энергетика	370 (1,79%)	20702 (100%)
	Электроника, радиотехника және байланыс	2421 (9,67%)	25034 (100%)
	Машинажасау	225 (1,42%)	15243 (100%)
	Көлік және қатынас жолдары	256 (1,36%)	18813 (100%)
	Сәулет және құрылыс	1290 (5,98%)	21585 (100%)
0	Статистика, стандарттау және зияткерлік меншік	352 (1,47%)	24106 (100%)
1	Әскери іс	405 (1,44%)	28240 (100%)
2	Химия	650 (2,85%)	22789 (100%)
3	Биология	213 (0,80%)	26598 (100%)
4	Медицина	121 (0,49%)	25100 (100%)
5	Ауыл шаруашылығы	218 (1,07%)	20321 (100%)
6	Су шаруашылығы	228 (0,99%)	23026 (100%)
7	Экология	234 (1,14%)	20613 (100%)
8	Кен ісі және металлургия	870 (4,38%)	19888 (100%)
9	Геология, геодезия және география	3462 (13,50%)	25634 (100%)
0	Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі	146 (0,77%)	18860 (100%)
1	Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет	215 (0,81%)	26804 (100%)
2	Философия және саясаттану	120 (0,61%)	19768 (100%)
3	Тарих	47 (0,27%)	17620 (100%)

4	Педагогика және психология	209 (0,87%)	24021 (100%)
5	Мәдениет және өнер	706 (2,85%)	24764 (100%)
6	Әдебиет және лингвистика	18 (0,07%)	28536 (100%)
7	Экономика және қаржы	164 (0,63%)	23080 (100%)
8	Іс жүргізу және мұрағат ісі	185 (0,77%)	23306 (100%)
9	Заңтану	146 (0,50%)	29659 (100%)
0	Дене тәрбиесі және спорт	170 (0,65%)	26135 (100%)
Барлығы		16798 (2,47%)	680745 (100%)

Сонымен қатар, ғалым С. Құлманов бұдан терминдерге құрамы төмендегідей терминдерді жатқызады:

а) шет тілінің сөзі мен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: газрядтық, нөл-заряд, разрядты-модулді, фактор-пространство, автопойыз, фабрика-зауыт, креп-сәтен, жирочек, жиротот, контршот, меморандум-шот және т.б.;

ә) шет тілінің сөзі мен қазақ тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: автобелсендіру, электрқозғалтқыш, альфа-бөлшек, амплитудалық-жиілікті, атомдық-күштік, атомтәрізді, газсіңіргіш, радиобөгеуіл, детектор-қармағыш, наноаспап, ультракүлгін, псевдосызықты, саналымды-аддитивтік, фактор-өлшем, әріпті-цифрлық, кулисалы-сырғақты, автомобиль-тонна-күн және т.б.;

б) қазақ тілінің сөзі мен шет тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: ұзақпериодты, асқынғалактика, ауа-реактивті, бейстанционарлық, біркомпоненттік, сұйықфазалық (жидкофазный), төрттактілі, шартты-периодты, ішалгебра (подалгабра), коммутаторлы-үлестіру, жиіліктік-импульстік, кернеу-деформация, талшықты-оптикалық, бейстанционар, бейполяры және т.б.;

в) қазақ тілінің сөзі мен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: бірзарядтық, бірестік, айнаымалы-токтық және т.б.;

г) орыс тілінің сөзі мен шет тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: шот-фактура және т.б.;

ғ) орыс тілінің сөзі мен қазақ тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: төлкелі-дөңгелекті, минаіздегіш, атаславян, славянтану және т.б.;

д) орыс тілінің сөзі мен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі термин: тепловоз, тепловизор және т.б [7; 57-58].

Көрсетілген мысалдардан байқағанымыздай, ғалым бұдан терминдерде төл тілдік элемент тұрғысынан емес, генотиптері тұрғысынан қарайды. Осы көзқарастың бір көрінісін қазіргі жас ғалымдардан да байқауға болады. Б. Кеңес кірме сөздердің енген тілдеріне қарай типологиялық тұрғыдан бұдан терминдерді түрлерге жіктеу болатындығын, грек-латын, грек-латын-қазақ, ағылшын-қазақ, француз-қазақ, арабқазақ, грек-араб, грек-араб-қазақ, парсы-грек-қазақ, парсы-латын-қазақ, грек-парсы, латын-парсы, парсы-қазақ түбірлерінің және жалғауларының бірігуі арқылы бұдан терминдер жасалатындығын айтады [8; 179].

Бүгінде ақпараттық-технологиялық заманда бұдан терминдер электрондық базасына жасақталды. Атап айтсақ, ғаламтор желісіндегі «Termincom.kz» ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасында мониторинг бөлімінде бұдан терминдердің тізбесі (батырмасы) берілген. Әрине, бұл тізім әлі де өңдеуді қажет етеді. Десе де қазіргі қолданыстағы бұдан терминдерді іріктеп, теріп, олардың әр ғылым саласындағы қолданысын

қарастыру осы бағыттағы жұмыстардың қолға алынып жатқандығын білдіреді. Аталған мониторингте терминдердің қай салада қолданылатындығы, құрылымы, шығу тегі, бекітілген жылы бойынша таңдалым берілген. Қазіргі таңда 1971-1981 жылдары бекітілген терминдер енгізілген [9]. Құрылымы бойынша түбір, туынды, күрделі, қысқартулар, тіркесті терминдермен қатар сипаттамалы, ұлт тілі негізінде, гибрид (будан), кірме, жалғау жұрнағы ғана ұлттық, ұлт тіліне икемделіп алынған деп жіктеледі.

Біз зерттеу жұмысымыздың негізінде осы ізді жалғай отырып, будан терминдерді іздеуге арналған телеграм бот жасадық. Бұл – сұралған будан терминдер жайлы ақпарат беруге арналған «Телеграм» әлеуметтік желісіндегі авторлық чат-бот (құрастырған және жасаған А.Н. Ахмет) [10]. Қазіргі таңда будан терминдер тізбесі енгізіліп, толықтырылуда. Кірме бөлігінің этимологиясы туралы ақпарат берілген және мысалдар келтірілген.

Қорытындылай келе, бір топ ғалымдар будан терминдерді екі немесе одан да көп тілдің элементтері қосылған сөздер ретінде қарастырады, ал басқалары будан терминдерді тек бір тілдің негізінде жасалған кірме элементтермен байланысқан сөздер деп түсінеді. Бұл будан терминдерді түсіндіруде ортақ критерийлердің болмауы ғылымда қарама-қайшылықтарға алып келеді. Осыдан, будан терминдерді анықтауда және жіктеуде әртүрлі көзқарастарды талдап, олардың бірізді моделін жасау қажет. Ортақ ғылыми ұстанымның қалыптасуы будан терминдердің тілдік жүйедегі орнын нақтылап, олардың зерттелуіне бірегей әдістемелік негіз болады.

Әдебиеттер

1. Қайдар. Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 304 бет.
2. Кошекова А.Р. *Современные словообразовательные тенденции казахского языка* / Вестник Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова. Серия Филологическая. – 2018. – №1 (1). – С. 89-94.
3. Құрманбайұлы Ш. *Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография*. Алматы, 2014. - 952 бет
4. Кузембаева Г.Н. *Проблемы заимствованных слов в казахском языке* / Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, – 2018. – №4 (53). – С.151-154
5. Нурмахова Ж. К. *Вопросы терминологизации* / Global Science and Innovations: Central Asia. – 2021. – № 3(9). – С. 71-76
6. Құрманбайұлы Ш. *Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография*. Алматы, 2014. - 952 бет
7. Момынова Б., Әнесова Ү. *Қазақ тіліндегі гибридік сөздер (массмедия материалдары негізінде)* / А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2019 №4.-14-20 бб.
8. Құлманов С. *Қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуеті (сандық және сапалық көрсеткіштерді талдау)* / Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы № 3(136)/2021. 50-62 бб.
9. Кеңес Б. *Қазақ тілінің ақпараттық технологиялар терминологиясындағы будан терминдер* / Вестник Торайгыров университета. ISSN 2710-3528 Филологическая серия. № 3. 2023. - 169-180 бб.
10. <https://termincom.kz/>
11. https://t.me/Budan_term_in_bot